

Бірлестікке – 10 жыл

Институт ішінен
құрылған М.Дулатұлы
атындағы әдеби-
мәдени бірлестік
өзінің 10 жылдық
мерейтойын атап өтті.

Осынша уақыт
ішінде поэзия, публи-
цистика, театр, айтыс,
дебат, жайдарман
саласында көптеген
жетістіктерге жеткен
бірлестік мүшелері оку
ордасының ғана
мактанышы емес,
тұтас аймактың
намысын корғап
жүрген өнерпаздар
шоғыры. Олар жайлы
институт ректоры Сейітбек
Куанышбаев та, бірлестік
жетекшісі, айтыс ақтандері
Айбек Қалиев те аса бір
ризашылықпен атады.

Өнер ордасының



институт сахнасында
өткізген іс-шаралары осы
он жылдық ішіндегі
атқарған жұмыстардың
есеп беруі іспетті болды.
Бұрынғы тұлектер мен
бүгінгі өнерпаздардың мың

бұралған биі мен мың
бір арман ән әуезі,
айтыс тамашасы мен
көркем сөз құдіреті,
жан жадыратқан
жайдарман әзілдері
10 жылдыққа арналған
кештін көркін
келтірді.

Кеш барысында
бірлестік құрамын-
дағы жастардың
шығармашылығын
қамтитын "Балауса
жырлар" атты жыр
жинағының 4-ші
кітабының тұсауке-
сері өткені де

мұндағы жас қаламгер-
лердің үнемі ізденісте
жүргендігін, өнер ордасы-
ның өмірі әлі де қызу жүріп
жатқанын айқындаі
түскендей.

Арқалық каласы.